

- 4) бес (алты) жастағы балалардың мектепке дейінгі дайындығын қамтамасыз ету;
 - 5) тәрбиеленушілердің ата-аналарымен жұмыс жүргізу.
- 3.4. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.
- 3.5. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарына немесе құрылтай құжаттарына белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отыры, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органының не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Кәсіпорынды басқару

- 4.1. Облыс әкімінің аппараты:
- 1) Кәсіпорынды құру қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;
 - 2) Кәсіпорынның жарғысын бекітеді, оған өзгерістері мен толықтырулар енгізеді және жергілікті бюджеттен қаржыландыратын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;
 - 3) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметкерлер) көлемін анықтайды;
 - 4) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;
 - 5) Кәсіпорынның даму жоспарларын орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;
 - 6) Коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;
 - 7) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;
 - 8) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;
 - 9) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;
 - 10) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;
 - 11) Жыл сайын Кәсіпорынның еңбек ақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;
 - 12) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
- 4.2. Кәсіпорынның басшысы оның органы болып табылады;
- 4.3. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, еңбек шартын жасасу арқылы рәсімдейді.
- 4.4. Басшы дара басшылық қаттықтарына әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Заңнамамен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді, егер Заңнамалық актілермен және осы жарғымен өзгеше белгілінбесе.
- 4.5. Басшы:
- 1) Кәсіпорынның атынан сенім хатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;
 - 3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;
 - 4) сенімхаттар береді;
 - 5) банктік шоттар жасайды;
 - 6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;